



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

**ХҚЕС (IAS) 34 стандарттарына сәйкес қысқартылған
аралық қаржылық ақпарат
*«Аралық қаржы есептемесі»***

30 маусым 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ШОЛУ БОЙЫНША ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ

Қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық есеп	1
Пайда мен шығын және басқа жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп	3
Ақшалай қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық есеп	4

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер:

1	Кіріспе	5
2	Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	5
3	Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны	6
4	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу	7
5	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар	8
6	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	11
7	Қаржы мекемелеріндегі қаражат	13
8	Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар	19
9	Өзге активтер	24
10	Қарыз қаражаты	25
11	Шығарылған борыштық құнды қағаздар	26
12	Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	26
13	Келешек кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	27
14	Өзге міндеттемелер	28
15	Акционерлік капитал	28
16	Пайыздық табыстар мен шығындар	29
17	Таза комиссиялық табыстар	29
18	Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардың табыстарын есепке алмағандағы шығындар	30
19	Активтерді нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алғашқы мойындау кезінде туындайтын шығындар	30
20	Пайдаға салынатын салық	30
21	Сегменттік талдау	31
22	Шартты және келісімді міндеттемелер	36
23	Қаржы тәуекелдерін басқару	38
24	Әділ құн туралы ақпаратты ашу	43
25	Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар	45
26	Есептілік мерзімі аяқталғаннан кейінгі жағдайлар	49



Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционеріне және Директорлар Кеңесіне:

Алғысөз

Біз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (әрі қарай – «Қор») 2019 жылғы 30 маусымдағы қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық есебіне және сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған алты ай кезеңіндегі пайда мен шығын және басқа жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есептеріне және тиісті түсініктеме ескертулерге шолу жүргіздік. Басшылық аталған қысқартылған қаржы ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 сәйкес жасауға және ұсынуға жауап береді. Біздің міндетіміз бізбен жүргізілген шолып тексеру негізінде аталған аралық қаржылық ақпараты бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз біздің шолуымызды «Компанияның тәуелсіз аудиторымен жүргізілетін аралық қаржы ақпараттарына шолу» 2410 Шолуларды жүргізу бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес жүргіздік. Аралық қаржы ақпаратына шолу негізінен қаржы және бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз, сондықтан шолу барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Осыған сәйкес біз өзіміздің аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Қорытынды

Бізбен жүргізілген шолып тексеруге сүйене отырып, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржы есептілігі» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындалмаған деп сендіретін ешқандай негіздер біздің назарымызға түспеді.

Priscilla Kenthouse Coopers LLP.

2019 жыл 31 шілде
Алматы, Қазақстан

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС


Әл-Фараби даң., 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

© 2019 PwC. Барлық құқықтар сақталған. PwC-дің рұқсатынсыз әрі қарай таратуға тыйым салынады. «PwC» дегеніміз - ПрайсуотерхаусКуперс Интернешнл Лимитед (PwCIL) мүшелерінің, немесе мағынасына сәйкес PwC желісінің жеке мүше фирмаларының желісі. Әр компания жеке заңды тұлға болып табылады және PwCIL немесе басқа мүше компанияның агенті ретінде әрекет етпейді. PwCIL клиенттерге қызмет көрсетпейді. PwCIL қатысушы компаниялардың кез-келгенінің әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді. Қатысушы компаниялардың ешқайсысы кез-келген басқа қатысушы компанияның әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		30 маусым 2019 ж.	31 желтоқсан 2018
	Еск.	(аудиттелмеген)	ж.
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	6	55,222,836	37,953,674
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	7	249,700,448	229,558,581
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		3,460	29,337
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер		173,421	606,308
Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар	8	7,408,974	7,100,689
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	3,4	365,843	-
Негізгі құралдар		2,209,686	2,279,485
Материалдық емес активтер		198,016	228,155
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу		11,597,504	11,290,109
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		380,812	396,747
Өзге активтер	9	14,021,827	14,678,723
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		341,282,827	304,121,808
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаты	10	218,173,544	201,309,973
Шығарылған борыштық құнды қағаздар	11	-	16,057,484
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	12	23,172,040	4,974,063
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі		3,516,828	1,279,281
Болашақ кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	13	9,106,453	6,914,341
Өзге міндеттемелер	14	1,090,102	1,066,188
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		255,058,967	231,601,330
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	15	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал		10,735,627	834,527
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды қайта бағалау қоры		139,179	222,476
Өзге резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда/(шығын)		2,112,351	(1,773,228)
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		86,223,860	72,520,478
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		341,282,827	304,121,808

Шығарылым үшін бекітілді және Басқарма атынан 2019 жылдың 31 шілдесінде қол қойылды.


 Гаухар Бурибаева ханым
 Басқарма Төрайымы




 Айгуль Кусайынова ханым
 Бас бухгалтер

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Пайда мен шығын және басқа жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Еск.	Келесі кезеңде аяқталған алты ай	
		30 маусым 2019 ж. (аудиттелмеген)	30 маусым 2018 ж. (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген алынған пайыздық табыстар	16	11,691,380	11,012,684
Пайыздық шығындар	16	(5,107,413)	(4,043,112)
Таза пайыздық маржа және ұқсас табыстар		6,583,967	6,969,572
Несиелік шығындарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру	7	236,293	922,736
Несиелік қоржынның құнсыздануы бойынша резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар		6,820,260	7,892,308
Таза комиссиялық табыстар	17	1,546,764	1,576,389
Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардың табыстарын есепке алмағандағы шығындар	18	(428,059)	973,962
Мойындауды тоқтатуға соқтырмайтын амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржы активтерін модификациялау табыстарын есепке алмағандағы шығындар		(483,500)	-
Пайда және шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын құнды қағаздармен орындалатын операциялар шығындарын есепке алмағандағы табыстар		20,584	60,711
Шетел валютасын қайта бағалау шығындарын есепке алмағандағы табыстар		189,980	(1,622,792)
Активтерді нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алғашқы мойындау кезінде туындайтын шығындар	19	-	(4,443,157)
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздардың қалпына келтірілуі/(құнсыздануы)		85,331	(3,000)
(Резервке бөлінген сома) / Өзге активтердің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру		(15,306)	12,088
(Резервке бөлінген сома) / Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру	22	(1,018,602)	363,817
Өзге операциялық табыстар		26,031	42,784
Қор бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шығындар		(199,574)	(266,013)
Жалпы және өкімшілік шығындар		(2,065,930)	(1,966,193)
Салық салғанға дейінгі пайда		4,477,979	2,620,904
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	20	(592,400)	(276,915)
Кезең ішіндегі пайда		3,885,579	2,343,989
Өзге жиынтық табыс:			
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар:			
- кезең ішіндегі табыстарды шегергендегі шығындар		(83,297)	(19,367)
Өзге жиынтық шығын		(83,297)	(19,367)
Кезең ішіндегі жиынтық табыс жиыны		3,802,282	2,324,622

Екі аралық кезең ішіндегі пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толықтай Қордың акционеріне тиесілі.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп**

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда / (шығын)	Барлығы
(мың қазақстандық теңгемен)						
2018 жылғы 1 қаңтардағы түзетілген қалдық	72,920,273	834,527	70,337	316,430	23,245,954	97,387,521
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	2,343,989	2,343,989
Өзге жиынтық табыс (аудиттелмеген)	-	-	(19,367)	-	-	(19,367)
2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)	-	-	(19,367)	-	2,343,989	2,324,622
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	-	-	-	-	(1,234,153)	(1,234,153)
2018 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	72,920,273	834,527	50,970	316,430	24,355,790	98,477,990
2019 жылғы 1 қаңтардағы түзетілген қалдық (аудиттелмеген)	72,920,273	834,527	222,476	316,430	(1,773,228)	72,520,478
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	3,885,579	3,885,579
Өзге жиынтық шығын (аудиттелмеген)	-	-	(83,297)	-	-	(83,297)
2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі жиынтық табыс жиыны (аудиттелмеген)	-	-	(83,297)	-	3,885,579	3,802,282
Кейінге қалдырылған салықты есепке алмағандағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қарыздары бойынша дисконтты мойындау (5-ескертпе)	-	9,901,100	-	-	-	9,901,100
2019 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	72,920,273	10,735,627	139,179	316,430	2,112,351	86,223,860

5-49 беттердегі ескертпелер осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Келесі кезеңде аяқталған алты ай	
	30 маусым 2019 ж.	30 маусым 2018 ж.
	(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		
Алынған пайыздар	7,233,309	7,784,985
Төленген пайыздар	(2,787,430)	(1,649,993)
Алынған комиссиялар	2,561,349	2,241,962
Төленген комиссиялар	(183,793)	(739,715)
Өзге операциялық қызметтен келетін түсімдер	109,194	43,371
Еңбекақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,158,202)	(1,004,939)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(1,684,877)	(1,589,513)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат	4,089,550	5,086,158
<i>Таза (ұлғаюу)/төмендеу:</i>		
- өзге қаржы мекемелеріндегі қаражат	(17,707,479)	(20,061,815)
- клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер	457,513	2,782,945
- өзге активтер	37,263	(208,514)
<i>Таза ұлғаюу/(төмендеу):</i>		
- келешек кезеңдердегі табыстар және қаржы кепілдіктері бойынша міндеттемелер	18,477,375	7,638,393
- өзге міндеттемелер	(64,363)	(98,787)
Операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақшалай қаражат	5,289,859	(4,862,620)
Инвестициялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		
Инвестициялық құнды қағаздардың шығарылуынан түсімдер	139,489	724,038
Негізгі қаражатты сатып алу	(53,397)	(108)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(22,503)	(13,694)
Сатуға арналған активтерді шығарудан алынған түсім	127,398	44,377
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	190,987	754,613
Қаржылық қызметтен алынған ақшалай қаражат:		
Қарыз қаражатының түсуі	28,704,766	19,372,584
Қарыз қаражатын өтеу	(944,261)	(132,923)
Шығарылған борыштық құнды қағаздарды өтеу	(16,000,000)	-
Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	11,760,505	19,239,661
Айырбастау бағамы өзгеруінің ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына әсер етуі	27,811	5,203
Ақшалай қаражаттар және олардың баламаларының таза ұлғаюуы	17,269,162	15,136,857
Кезең басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	37,953,674	44,074,930
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	55,222,836	59,211,787

5-49 беттердегі ескертпелер осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1 Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 қаулысына сәйкес құрылған. Қор Қазақстан Республикасы аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау бойынша даму институты ретінде қаржы қызметтерін ұсынатын акционерлік қоғам ретінде тіркелген және қызметін атқарады.

2019 жылғы 30 маусымдағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі «Жалғыз акционер») болып табылады. Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының акционері болып табылады. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

Негізгі қызмет. Қордың негізгі қызметі коммерциялық банктер арқылы шағын және орта бизнес кәсіпорындарына және миркоқаржы ұйымдарына несиелер беру болып табылады. Бұл ретте түпкілікті қарыз алушылар несиелері бойынша несиелік төуекел коммерциялық банктерге аударылады. Қор Қазақстан аумағындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қаржыландыру үшін меншікті және қарыз қаражаттарын пайдаланады.

Қордың 17 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсе Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан.

Тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны. Қор келесі мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111.

Есептілікті ұсыну валютасы. Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, басқаша көрсетілмесе, қазақстандық теңгеде көрсетіледі.

2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстан Республикасы. Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді танытып келеді. Ол мұнай мен газ және мемлекет экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының ауытқуына әсіресе сезімтал. Бұл ерекшеліктер, сондай-ақ, ұлттық валютаның барымен шектелместен, елден тыс жерлерде еркін айырбасталмаған ұлттық валюта мен құнды қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейін қамтиды. Аймақта тұрақталған саяси шиеленіс, айырбастау бағамының тұрақсыздығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және келешекте де тигізе алады. Атап айтқанда, өтімділік деңгейінің төмендеуі және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтардың туындауы.

2019 жылғы наурызда Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның шетел және ұлттық валюталардағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді несиелік рейтингтерді "BBB-" деңгейінде және Қазақстанның шетел және ұлттық валюталардағы міндеттемелері бойынша қысқа мерзімді рейтингтерді "A-3" деңгейінде, ал ұлттық шкала бойынша рейтингті "kzAAA" деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты». «Тұрақты» болжам агенттіктің алдағы екі жыл ішінде үкіметтің қаржы көрсеткіштері және сыртқы экономикалық көрсеткіштері тұрақты болып қалатыны жөніндегі көзқарасын білдіреді.

Мұнай өндірісінің артуы және мұнай бағасының тұрақтылығы, төмен жұмыссыздық деңгейі және еңбекақы көлемінің артуы өткен жылы бірқалыпты экономикалық дамуға септігін тигізді. Standard & Poor's агенттігінде Мұнай экспорттаушы мемлекеттер ұйымының шешіміне сәйкес мұнай өндірудің төмендеуіне және Қашаған кен орнындағы техникалық жұмыстарға байланысты 2019 жылы елдің экономикалық өсу деңгейі 2,9% құрайтыны және өсудің бұрын болжалған деңгейден (3,5%) төмен болатыны күтілуде. Агенттіктің болжау жиегі аясында кейінгі жылдардағы өсу мұнай өндірісі мен экспорт көлемі ұлғаюының арқасында сақталып тұрады.

Мұндай экономикалық орта Банк қызметіне және қаржылық күйіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Басшылық Банк қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қолданады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қаржы секторы елдегі саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне ұшырауда. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының келешегі көбінесе Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданатын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушылық және саяси жүйелердің дамуына, яғни Банк бақылауынан тыс жағдайларға байланысты.

Басшылықтың Қазақстан экономикасындағы өзгерістердің деңгейін не ұзақтығын немесе келешекте олардың Банктің қаржылық күйіне ықтимал әсер етуін бағалауға мүмкіндігі жоқ. Басшылық ағымдағы жағдайларда Банк қызметінің тұрақтылығы мен дамуына қолдау көрсетуге қажетті барлық шаралар қабылдайтындығына сенімді.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны

Есептілікті ұсыну негіздері. Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептеме» стандарттарына сәйкес әзірленген және Халықаралық қаржы есептемесі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған Қордың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жылдық қаржылық есептемесімен бірге қарастырылуы тиіс.

Төменде басқаша қарастырылмаса, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты әзірлеу кезінде Қордың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жылдық қаржылық есептемесін дайындау кезінде қолданылған есеп ережелері мен есептеу тәсілдері пайдаланылды.

Аралық кезеңде салықты есептеу. Аралық кезеңдегі пайдаға салынатын салық бойынша шығындар күтілетін жылдық жиынтық табысқа қатысты қолданылатын тиімді салық мөлшерлемесі, яғни аралық кезеңдегі салықты шегеруге дейінгі пайдаға қатысты қолданылатын пайдаға салынатын орташа бағаламалық тиімді салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Сонымен қатар, Қордың ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық» стандарттарына түзетулер енгізуден кейін ретроспективті түрде енгізілген жаңа есеп саясатына сәйкес, меншік иелерінің пайда немесе шығынға қатысудан түсетін пайдаға салынатын салықты өтеу мұндай өтеу бөлінетін пайданы меншік иелеріне жасалатын төлемдерден төмен қылған бұрын орындалған операциялармен немесе жағдайлармен байланысты болғанда мойындалады.

Қор жалға алушы ретінде әрекет ететін жалға беру шарттарына қатысты жаңа есеп саясаты. Қор модификацияланған ретроспективті тәсілді қолданып, ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» стандарттарын енгізіп, бірқатар жеңілдіктер мен практикалық шешімдерді қолданды. 4-ескертпені қараңыз. 2019 жылғы 1 қаңтардан, яғни жаңа стандартқа көшу күнінен бастап жалдау шарттары Қордың жалдау пәні болып табылатын сәйкес активті пайдалануға алған күндегі тиісті міндеттемемен, пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде мойындалады. Әрбір жалдау төлемі міндеттеме мен қаржылық шығындар арасында бөлінеді. Қаржылық шығындар әрбір кезең ішіндегі міндеттеме қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында жалдау мерзімі ішіндегі пайда немесе шығынға жатқызылады. Пайдалану құқығы нысанындағы актив активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде немесе, қайсысы ерте аяқталатынына байланысты, жалдау мерзімі ішінде сызықты әдіспен амортизацияланады.

Жалдау шарты негізінде туындайтын активтер мен міндеттемелер бастапқыда келтірілген құны бойынша есептеледі. Жалдау бойынша міндеттемелерге келесі жалдау төлемдерінің таза келтірілген құны кіреді:

- алынатын ынталандырушы төлемдерді шегергендегі тиянақталған төлемдер (соның ішінде мәні бойынша тиянақталған төлемдер);
- индекс немесе мөлшерлеме негізіндегі ауыспалы жалдау төлемдері;
- жалға алушының қалдық құн кепілдіктерінің шарттары бойынша алатын сомалар;
- жалдау мерзімі жалға алушының осы опционды жүзеге асыруын көрсететін болса, жалдау шартын бұзу бойынша айыппұлдарды төлеу.

Жалдау төлемдері жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Мұндай мөлшерлемені белгілеу мүмкін болмаса, жалға алушының қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі қолданылады, себебі бұл пайыздық мөлшерлемені жалға алушы ұқсас шарттарда ұқсас экономикалық ортада ұқсас құн бойынша активті алуға қажетті қаражатты тарту мақсатында төлеуі қажет болар еді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесілерді есепке ала отырып, өзіндік құн бойынша бағаланады:

- жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау сомалары;
- жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді есепке алмағандағы, жалдау шартының күшіне ену күніне немесе аталған күнге дейін орындалған барлық жалдау төлемдері;
- барлық бастапқы тікелей шығындар;
- қалпына келтіру (активті немесе ол орналасқан учаскені) бойынша шығындар.

Жалдау мерзімін белгілеу кезінде Қор басшылығы жалдауды ұзарту немесе жалдауды бұзу опционын пайдаланбауға арналған экономикалық негіздерді құрайтын барлық фактілер мен жағдайларды есепке алады. Жалдауды ұзарту опциондары (немесе жалдау шартын бұзу опционын орындау мерзімінен кейінгі кезеңдер) шарттың ұзартылуына (немесе бұзылмауына) толықтай сенімділік болған жағдайда ғана жалдау мерзіміне қосылады.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)

Бағалау оған, сондай-ақ жалға алушыға бақылауда әсер ететін елеулі оқиға немесе жағдайлардың елеулі өзгерісі кезінде қайта қарауға жатады.

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» стандартына көшу. Қор ХҚЕС (IFRS) 16 стандарттарын белгілі бір жеңілдіктермен 2019 жылғы 1 қаңтарда ретроспективті түрде енгізіп, 2018 жылғы есеп жылы бойынша салыстырмалы деректерді ХҚЕС (IFRS) 16 стандарттарының ауыспалы кезең туралы ережелеріне сәйкес қайта есептемеді. Осылайша, жалдауды есепке алу шарттарындағы өзгерістерге байланысты қайта сыныптау мен түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсетіледі. Қор жүргізген талдау негізінде жаңа стандартқа көшу әсері елеусіз болып табылады, себебі барлық жалдау шарттары қысқа мерзімді болып келеді.

ХҚЕС (IFRS) 16 стандарттарына көшу кезінде Қор бұрын ХБЕС (IAS) 17 «Жалдау» ережелеріне сәйкес «операциялық жалдау» ретінде сыныпталған жалдау шарттарына қатысты жалдау міндеттемелерін мойындады. Бұл міндеттемелер жалға алушы 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қосымша қарыз қаражаттарын тарту мөлшерлемелерін қолдану арқылы дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланды. Жалдау міндеттемелеріне қатысты 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданылған жалға алушының қосымша қарыз қаражаттарын тартудың орташа мөлшерлемесі 9 % тең.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде сыныпталған жалдау шарттарына қатысты Қор жалдау пәні болып табылатын активтердің теңгерімдік құнын пайдалану құқығы нысанындағы активтің теңгерімдік құны мөлшерінде және жалдау міндеттемесін жаңа стандартқа көшу күніндегі жалдау міндеттемесі көлемінде мойындады. ХҚЕС (IFRS) 16 стандартында сипатталған бағалау қағидаттары тек 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Пайдалану құқығы нысанындағы сәйкес активтер 2018 жылғы 31 желтоқсанда бухгалтерлік теңгерімде расталған берілген жалдау шарты бойынша алдын ала төленген немесе есептелген жалдау төлемдерінің сомасына түзетілген жалдау міндеттемесіне тең сомада бағаланды. Стандартты қолданудың бірінші күніндегі жағдай бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтерді түзетуді талап ететін ауыртпалықты жалдау шарттары болған жоқ.

Пайдалану құқығы нысанындағы мойындалған активтер келесі активтер түрлеріне жатады:

<i>(аудиттелмеген деректер)</i> <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 ж.	1 қаңтар 2019 ж.
Жеке пайдалануға арналған үй-жайлар	365,843	425,906
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жиыны	365,843	425,906

ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын бірінші қолдану кезінде Қор келесі практикалық шешімдерді пайдаланды:

- ерекшеліктері ұқсас жалдау шарттарының қоржынына қатысты бірыңғай дисконттау мөлшерлемесін қолдану;
- пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнсыздануын бағалау кезінде жалдау шарттары ауыртпалығының бұрынғы анықтамаларына негізделу;
- 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалдау мерзімі 12 айдан кем мерзімді құрайтын операциялық жалдауды қысқа мерзімді жалдау ретінде есептеу;
- бастапқы тікелей шығындарды пайдалану құқығы нысанындағы активті стандартты бірінші қолдану күніне бағалау мақсатында шегеру;
- шарт бойынша жалдауды ұзарту немесе бұзу опциондары қарастырылған болса, жалдау мерзімін белгілеу кезінде кейіннен пайымдауды пайдалану.

Қор басшылығы стандартты бірінші пайдалану күніне шарт жалдау болып табылатыны немесе шартта жалдау сипаттамалары қамтылғанына қатысты қайталама бағалауды жүргізбеуді шешті. Бұның орнына Қор ХҚЕС (IAS) 17 және ХҚЕТК 4 «Келісімде жалдау сипаттамаларын анықтау» стандарттарына сәйкес, жаңа стандартқа көшуге дейін жасалған шарттарды бағалауға негізделеді.

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу (жалғасы)

Өзге жаңа стандарттар мен түсіндірулер. Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер Қор үшін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды, бірақ Қорға айтарлықтай әсер тигізбеді:

- ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты көрсету кезіндегі айқынсыздық» түсіндірмесі (2017 жылғы 7 маусымда шықты және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе аталған күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 28 «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардағы ұзақ мерзімді қатысу үлестері» стандарттарына түзетулер (2017 жылғы 12 қазанда шықты және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе аталған күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 19 «Зейнетақы жоспарын өзгерту, қысқарту және реттеу» стандарттарына түзетулер (2018 жылғы 7 ақпанда шықты және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе аталған күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС-тө жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жж. – ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 11, ХҚЕС (IAS) 12 және ХҚЕС (IAS) 23 стандарттарына түзетулер (2017 жылғы 12 желтоқсанда шықты және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе аталған күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Қордың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша соңғы жылдық қаржылық есептемесінде ақпаратты ашуға кіргізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірулер туралы ақпарат шығарылмады және күшіне енген жоқ. Қор күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірулердің әсерін бағалауды жалғастырып, бағалау нәтижелері мәлім болған сәтте олардың мәлім және негізді түрде анықталатын салдары туралы ақпаратты ашатын болады.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Бағалаулар мен пайымдаулар 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жылдық қаржылық есептіліктегі бағалаулар мен пайымдауларға сәйкес келді.

Қызметтің үздіксіздігі. Басшылық осы қаржылық есепті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындады. Аталған пайымдауды жасау кезінде басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниетін, операцияларының табыстылығын және қаржылық ресурстарға қол жеткізуін есепке алды.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау. Күтілетін несиелік шығындарды бағалау – елеулі бағалау және оны алу үшін 2018 жылғы 31 желтоқсандағы бағалау әдістемесі, үлгілер және бастапқы деректер қолданылады. Келесі компоненттер несиелік шығындар бойынша бағалау резервіне едәуір әсер етеді: дефолтты анықтау, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырағыштық және дефолт жағдайындағы шығын көлемі. Қор күтілетін есепті несиелік шығындар мен несие бойынша іс жүзіндегі шығындардың арасындағы алшақтықты азайту мақсатында үлгілер мен үлгілерге арналған бастапқы деректерді тұрақты түрде тексереді және растайды.

Дефолт ықтималдығын бағалаудың 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 10%-ға ұлғаюы немесе төмендеуі күтілетін несиелік шығындарға арналған бағалау резервінің жалпы сомасының 1,254,220 мың теңгеге ұлғаюына немесе төмендеуіне соқтыратын еді (2018 ж. 31 желтоқсан: 1,260,300 теңгеге).

Қаржы активтерін түрлендіру. Қаржы активтерін шарт талаптарына сәйкес түрлендірген кезде (мысалы, оларды қайта қарау нәтижесінде), Қор түрлендірудің елеулі болу-болмауын және ол бастапқы активті мойындауды тоқтатуға және әділ құны бойынша жаңа активті мойындауға әкелуі тиіс болу-болмауын бағалайды. Бұл баға көбінесе тиісті есептік саясатта сипатталған сапалық факторларға негізделген және елеулі пайымдаулардың қолданылуын қажет етеді. Қор шешім қабылдаған кезде талаптары қайта қаралған құнсызданған несие шарттарын мойындауды тоқтату қажеттілігі бар-жоқтығы туралы және қайтадан мойындалған несиелерді бастапқы мойындау кезінде құнсызданған ретінде қарастырудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы пайымдауды қолданады. Мойындауды тоқтату қажеттілігі туралы шешім осындай түрлендірудің нәтижесіндегі тәуекелдер мен пайданың, яғни күтілген ақша ағындарының (шартта қарастырылған ақша ағындарының емес) өзгеру-өзгермеуіне байланысты. Басшылық осындай несиелерді түрлендіру нәтижесінде тәуекелдер мен пайданың өзгермегенін және тиісінше, шын мәнінде, барлық осындай түрлендірулер мен несиелердің мойындалуын тоқтату және олардың құнсызданғандар кезеңінен қайта жіктеу орын алмағанын белгіледі.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қорда 52,996,774 мың теңге көлемінде «ЦеснаБанк» АҚ-ға ұсынылған қарыздар бойынша талаптар болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-дан алынған қаражаттан берілген болатын. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге көлемінде берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰОҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро» Холдингі» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдалды. Аталған қайта құрылымдау аясында «ЦеснаБанк» АҚ берген қарыздар бойынша талаптар 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлеменен «ЦеснаБанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылы желтоқсанда осы облигацияларды өтеуін төлеп алды.

2019 жылғы 8 қаңтарда екінші шекті келісімге қол қойылып, аталған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға төмендеуі арқылы қайта құрылымдалды. Мемлекеттік қаражаттан 20,499,974 мың теңге көлемінде берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша пайыздық мөлшерлемені 0.1%-ға төмендету бойынша және түрлендіру күнінен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды, бұл жоғалтулар деңгейінің (LGD) 55%-дан 70%-ға ұлғаюына әкелді. Қор басшылығы осы қайта құрылымдауды есептік күнде түзетуді қажет ететін есептік күннен кейінгі уақиға ретінде есепке алады.

Қор облигациялардағы қарыздардың түрлендірілуін елеулі және ескі қаржы құралын мойындауды тоқтатып, жаңасын мойындауды қажет ететін ретінде бағалады. Бірінші кезекте Қор сәйкесінше 70% және 100% шамасына тең LGD және PD коэффициенттерін қолдану жолымен бастапқы қаржы құралының құнсыздану көлемін анықтады. Әрі қарай Қор облигациялардың әділ құнын есептеп шығарды, ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Әділ құнын анықтау барысында Қор дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несие тәуекелін ескере отырып нарықтық деректер негізінде 15.45% мөлшерінде анықтады. АДБ қаражатынан берілген қарыздарды осындай түрлендіру нәтижесінде Қор 2018 жылғы пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есепте 18,040,172 мың теңге көлемінде және 2018 жылғы капитал құрамында 4,920,047 мың теңге көлемінде құнсыздануды, сондай-ақ 2018 жылдың капитал құрамында 5,904,111 мың теңге сомасында облигацияларды мойындаудан туындаған шығындарды мойындады.

Туынды қаржы құралдары мен кейбір өзге қаржы құралдарының әділ құны. Бақыланатын нарықтық бағалар пайдаланылатын жорамалдар негізінде жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 24-ескертпеде келтірілген.

2014 жылғы желтоқсанда және 2015 жылғы қазанда Қор Азия Даму Банкінен (бұдан әрі – АДБ) АҚШ долларымен алынған қарызбен байланысты валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында коммерциялық банктермен 5 жылдық тиянақталған своп шарттарын жасасты (9-ескертпені қараңыз). Қор есепті күндегі своп шарттарының әділ құнын бағалады, бұл есепті күндегі туынды қаржы құралдарының әділ құнын 12,172,768 мың теңге көлемінде (2018 ж. 31 желтоқсан: 12,545,813 мың теңге) және 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай ішінде туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар шығындарын 373,045 мың теңге көлемінде (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: табыс 1,539,629 мың теңге) көрсетілуіне әкелді. Своп шарттарының әділ құнын 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бағалау кезінде 1 АҚШ долларына 385.1 теңге (2018 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ долларына 396.25 теңге) форвардтық айырбас бағамы пайдаланылды, бұл своп шарттарының әділ құнының есептік күнде төмендеуіне әкелді. Қор 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: таза шығын 1,690,832 мың теңге) АДБ қарыздары бойынша 224,722 мың теңге көлемінде шетел валютасын қайта бағалаудан түскен таза табысты мойындады.

Коммерциялық банктермен жасасқан своп шарттары бойынша Қор жылдық үш пайыз төлейді, бұл 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 146,410 мың теңге көлемінде (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: 687,980 мың теңге) шығындарға ұшыратты.

2019 және 2018 жылдардағы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде своптар бойынша шарттардың мерзімінен бұрын орындалуы орын алмады.

Әділ құнды бағалау кезінде Қор Қазақстанның елдік тәуекеліне түзетілген Қазақстан теңгесі мен АҚШ доллары бойынша тәуекелі жоқ мөлшерлемелердің пайдаланылуымен дисконтталған ақша ағындары әдісін қолданды.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Байланысты тараптармен жүргізілетін операцияларды бастапқы мойындау. Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуі тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау мақсатында осындай операцияларға арналған белсенді нарық болмаған жағдайда кәсіби пайымдаулар пайдаланылады. Пайымдаудың негізі байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 25-ескертпеде көрсетілген.

Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау. Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор үшінші тұлғалармен, әсіресе байланысты тараптармен, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша көрсетілуі тиіс. Пайымдаудың негізі байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады.

2014-2015 жылдары Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан 20 жыл өтеу мерзімімен 0.15% жылдық мөлшерлемеден 200 миллиард теңге көлемінде қаражат алды. Қарыз қаражаттарының әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылық бойынша қисық сызықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды. 2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге көлемінде алынған қаражат 20 жыл өтеу мерзімімен 2% жылдық мөлшерлемеден коммерциялық банктерде толық орналастырылды. Банктерге берілген қарыздың әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы әрбір несиелік рейтинг үшін Несиелік Дефолттық Спред негізінде әр банктің спецификалық несие тәуекелдерін пайдаланды. Несиелік Дефолттық Спред 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылықтың қисық сызығынан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге түзетілді. Тиімді пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде табыс пен шығындардың мойындалуына әкелді.

2014-2015 жылдары Қор 0.9207% жылдық пайыздық мөлшерлемеден және 5 жылдық өтеу мерзімімен 350 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-дан қаражат алды. Алынған қаражат АДБ мақұлдаған қазақстандық коммерциялық банктерде толығымен орналастырылды. Қор басшылығы осы қарыздардың әділ құнын бағалау кезінде кәсіби пайымдауды қолданды. Қор басшылығы қарыздар алу және несиелер беру бойынша мәмілелер жеткілікті деңгейде бірегей болып табылады деген тұжырымға келді, өйткені Қор да, АДБ да даму институттары болып табылады және нарықта мұндай мәмілелер жоқ. Тиісінше, мәмілелердің бағалары негізгі немесе аса тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар бола отырып, мәміле бойынша шығындардың ескерілуімен кейіннен түзетуді қажет етпейді. Осылайша, мәмілелердің бағалары бастапқы мойындау барысында берілген қарыз қаражаттары мен несиелердің әділ құнын білдіреді және ешқандай түзетулерді қажет етпейді. 10-ескертпені қараңыз.

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан 15 жыл өтеу мерзімімен 0.1% жылдық мөлшерлемеден 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды байланысты тарап алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу үшін алды. Басшылық осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені валюталық тәуекелді, қарыздық әрекет ету мерзімі мен Қордың несиелік тәуекелін есепке ала отырып, 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы мойындау күнінде Қор әділ құнды 3,623,627 мың теңгеге тең сомда анықтады. Бұл ретте Қор басшылығы барлық ХҚЕС (IAS 20) және ТТК (SIC) 10 талаптарын талдап, операциялық қызметпен белгілі бір өзара байланыстың жоқтығы туралы қорытындыға келді. Тиісінше, қарыз бен алынған ақшалай қаражаттың арасындағы айырма мәні бойынша мемлекеттік субсидияны емес, меншікті капиталға жалғыз акционерден түскен жарнаны білдіреді. Сәйкесінше, Қор дисконтты 9,901,100 мың теңге көлемінде меншікті капитал құрамындағы кейінге қалдырылған салықты акционерлермен жүргізілген операция ретінде мойындады. Бұл пайымдауды қолдану барысында басшылық қаржыландыру аясында бұрын шеккен шығындар немесе залалды өтеу бойынша шарттардың, немесе белгілі бір өнеркәсіп секторында немесе аймақта қызметті жалғастыру бойынша шарттарының жоқтығын жобалады.

Шығарылған кепілдіктердің әділ құны. 2015 жылы Қор алынған қарыз сомасында Еуропа қайта құру және даму банкінде (бұдан әрі – ЕҚҚДБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ ашқан несие желілері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ 37,447 миллион теңге сомасында (2018 ж.: 36,157 миллион теңге) ЕҚҚДБ-дан қарыз алды. Қор басшылығы шығару күніне осы кепілдіктердің «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген әділ құнын бағалады, 2019 жылғы 30 маусымда есептелген комиссиялық табыстар сомасы 97,456 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 123,099 мың теңге). 13 және 22-ескертпелерде қараңыз.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2016 жыл Қор алынған қарыз сомасында «ForteBank» АҚ және «КМФ» микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі – «КМФ» МҚҰ) ЕҚҚДБ-де ашқан несиелік желілері бойынша «ForteBank» АҚ және «КМФ» МҚҰ үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ және «КМФ» МҚҰ сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ-дан қарыз алды (2018 ж. 31 желтоқсан: сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге). Қор басшылығы «ForteBank» АҚ және «КМФ» МҚҰ-дан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын сәйкесінше 19,554 мың теңге және 3,257 мың теңге көлемінде бағалады (2018 ж. 31 желтоқсан: сәйкесінше 32,778 мың теңге және 12,772 мың теңге). 13 және 22-ескертпелерді қараңыз.

2017 жылы Қор алынған қарыз сомасында «Банк Kassa Nova» АҚ ЕҚҚДБ-да ашқан несиелік желілері бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ 3,742 миллион теңге көлемінде ЕҚҚДБ-дан қарыз алды (2018 ж. 31 желтоқсан: 3,742 миллион теңге). Қор басшылығы «Банк Kassa Nova» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 6,764 мың теңге көлемінде бағалады (2018 ж. 31 желтоқсан: 7,052 мың теңге). 13 және 22-ескертпелерді қараңыз.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары аясында Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне кепілдіктер ұсынады, бұндай кепілдіктер несиелік сомасының 85%-на дейін қамтиды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 51,054,745 мың теңгені құрады (2018 ж. 31 желтоқсан: 45,187,911 мың теңге). Қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік шығындарды есептеу үшін Қор мерзімінен өткізілген күндер санының негізінде орын ауысу матрицаларын пайдалана отырып дефолт ықтималдығын анықтайды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, мониторинг барысында Қор бірқатар компаниялар бойынша мерзімінен өткізу күндерінің артуын анықтады, бұл күтілетін несиелік шығындар көлемінің ұлғаюына әкелді. 30 маусымдағы жағдай бойынша шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік шығындар көлемі 2,617,256 мың теңгені құрады (2018 ж. 31 желтоқсан: 1,167,214 мың теңге).

6 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қаражат қалдықтары (міндетті резервтерді қоспағанда)	40,424,069	16,733,828
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем өзге банктермен жасалған сатып алу және қайта сату шарттары («кері РЕПО»)	12,162,569	-
Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар	2,637,323	15,183,991
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем банктердегі депозиттер	-	6,042,500
Несиелік шығындарға арналған бағалау резервін қоспағанда	(1,125)	(6,645)
Ақшалай қаражат және олардың баламаларының жиыны	55,222,836	37,953,674

Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар шағын және орташа кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды. 12-ескертпелерді қараңыз.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

6 Ақшалай қаражат және олардың баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен ақшалай қаражат баламаларын талдау көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Барлығы
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі	-	40,424,069	-	40,424,069
- AAA- және AAA+ аралығындағы рейтингпен	-	-	2,012,708	2,012,708
- BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	119,302	-	10,149,861	10,269,163
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	2,333,928	-	-	2,333,928
- B- және B+ аралығындағы рейтингпен	170,787	-	-	170,787
- рейтингі жоқ	13,306	-	-	13,306
Бағалау резервіне дейінгі ақшалай қаражат және олардың баламаларының жиыны (аудиттелмеген)	2,637,323	40,424,069	12,162,569	55,223,961

Кепілге берілген құнды қағаздар рейтингісінің негізінде Кері РЕПО-ның несиелік сапасы бойынша.

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен ақшалай қаражат баламаларын талдау көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Барлығы
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған</i>			
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі	-	16,733,828	16,733,828
- A- және A+ аралығындағы рейтингпен	23,760	-	23,760
- BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	3,053,543	-	3,053,543
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	17,132,386	-	17,132,386
- B- және B+ аралығындағы рейтингпен	994,368	-	994,368
- CCC- және CCC+ аралығындағы рейтингпен	12,056	-	12,056
- рейтингі жоқ	10,378	-	10,378
Бағалау резервіне дейінгі ақшалай қаражат және олардың баламаларының жиыны	21,226,491	16,733,828	37,960,787

Несиелік рейтинг Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын балама мәнге дейін айырбасталатын Standard & Poor's агенттігінің (бұл рейтинг болған жағдайда) және Moody's агенттігінің рейтингісіне негізделген.

Рейтингісі «ССС» және төмен және рейтингісі жоқ ақшалай қаражат шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған және коммерциялық банктерде орналастырылған қаражат болып табылады. Қор басшылығы ХҚЕС 9 стандартына сәйкес құнсыздану бойынша резерв құрды.

Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	241,853,249	230,394,115
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	20,389,394	11,767,466
Несиелік қоржынның құнсыздануы бойынша резервті есепке алмағанда	(12,542,195)	(12,603,000)
Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат	249,700,448	229,558,581

2018 жыл ішінде Қорда «ЦеснаБанк» АҚ-ға ұсынылған қарыздар бойынша 52,996,774 мың теңге көлемінде талаптар болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-дан алынған қаражаттан берілген. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге сомасында берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро Холдингі» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдалды. Аталған қайта құрылымдау аясында «ЦеснаБанк» АҚ берген қарыз бойынша талаптар 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлеменен «ЦеснаБанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылғы желтоқсанда осы облигациялардың өтеуін төлеп алды.

2019 жылғы 18 қаңтарда екінші шекті келісімге қол қойылып, аталған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға түсуі арқылы қайта құрылымдалды. Мемлекеттік қаражаттан 20,499,974 мың теңге сомасында берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша пайыздық мөлшерлемені 0.1 %-ға дейін төмендету бойынша және түрлендірілген күннен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды. Бұның нәтижесінде шығындардың (LGD) 55%-дан 70%-ға дейін ұлғаюы орын алды. Қор басшылығы аталған қайта құрылымдауды 2018 жылғы 31 желтоқсанға түзетуді талап ететін есептік күннен кейінгі оқиға ретінде есептейді.

Қор қарыздарды облигацияларға модификациялауды маңызды және бұрынғы қаржылық құралды мойындауды тоқтатып, жаңа құралды мойындауды талап етеді деп бағалайды. Ең алдымен Қор бастапқы қаржылық құралды құнсыздану мөлшерін сәйкесінше 70% және 100%-ға тең LGD және PD коэффициенттерін пайдалану арқылы белгіледі. Одан кейін Қор облигациялардың өділ құнын есептеді. Ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Өділ құнды белгілеген кезде Қор дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несиелік тәуекелді есепке ала отырып, нарықтық деректер негізінде 15.45% көлемінде белгіледі. Осындай АДБ қаражатынан берілген қарыздарды модификациялау нәтижесінде Қор 2018 жылғы пайда немесе шығын туралы есепте және 2018 жыл ішіндегі өзге жиынтық табыста құнсыздануды 18,040,172 мың теңге және 2018 жылғы капитал құрамында 4,920,047 мың теңге көлемінде, сондай-ақ облигацияларды мойындау бойынша шығынды 2018 жылғы капитал құрамында 5,904,111 мың теңге мөлшерінде мойындады.

Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздар бойынша Қор қарыздардың өтелетін құнын белгіледі және 2018 жылғы пайда немесе шығын туралы есепте құнсыздану бойынша шығынды 4,057,456 мың теңге, ал 2018 жылғы капитал құрамында 1,030,398 мың теңге көлемінде мойындады. Шығындардың бір бөлігі оны Қор акционері қабылдауға байланысты меншікті капитал құрамында мойындалды.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында ұқсас операциялар жүргізілген жоқ.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау берілген:

	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Банктердегі депозиттер	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған</i>			
- ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен	-	10,655,300	10,655,300
- ВВ- және ВВ+ аралығындағы рейтингпен	100,101,843	9,734,094	109,835,937
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	126,738,302	-	126,738,302
- рейтингі жоқ	14,971,875	-	14,971,875
Барлық мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған	241,812,020	20,389,394	262,201,414
<i>Жекелей құнсызданған (жалпы сома)</i>			
- төлемді 360 күннен астам мерзімге кешіктірумен	41,229	-	41,229
Барлық жекелей құнсызданған (жалпы сома)	41,229	-	41,229
Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда	(12,497,541)	(44,654)	(12,542,195)
Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат	229,355,708	20,344,740	249,700,448

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау берілген:

	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Банктердегі депозиттер	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған</i>			
- ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен	-	6,000,000	6,000,000
- ВВ- және ВВ+ аралығындағы рейтингпен	87,578,255	2,000,000	89,578,255
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	119,166,727	3,767,466	122,934,193
- ССС- және ССС+ аралығындағы рейтингпен	5,153,241	-	5,153,241
- рейтингі жоқ	11,186,300	-	11,186,300
Барлық мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған	223,084,523	11,767,466	234,851,989
<i>Жекелей құнсызданған (жалпы сома)</i>			
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданған</i>			
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	7,268,363	-	7,268,363
<i>Мерзімі өткен</i>			
- төлемді 30 және 360 күн аралығында кешіктірумен	41,229	-	41,229
Барлық жекелей құнсызданған (жалпы сома)	7,309,592	-	7,309,592
Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда	(12,580,438)	(22,562)	(12,603,000)
Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат	217,813,677	11,744,904	229,558,581

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Несиелік рейтинг Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын балама мөнге дейін айырбасталатын Standard & Poor's агенттігінің (бұл рейтинг болған жағдайда) немесе Moody's агенттігінің рейтингісіне негізделген.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында қаржы мекемелеріндегі рейтингі жоқ қаражаттар үш коммерциялық банкке және қаржы ұйымдарына берілген (2018 ж.: екі коммерциялық банкке және микроқаржы ұйымдарына берілген) несиелер болды.

Қор қаржы ұйымдарына берілген қаражаттың құнсыздануы туралы мәселені қарастыру кезінде есепке алатын негізгі фактор – оның мерзімінен өткен мәртебесі, сондай-ақ несиелік рейтингтің өзгеруі болып табылады. Осының негізінде Қор жоғарыда жекелей тәртіпте құнсызданған болып анықталатын қаржы ұйымдарына берілген қаражаттың берешек мерзімдері бойынша талдауды ұсынды.

Резервтерді қалпына келтіру жекелеген коммерциялық банктердің қаржылық күйінің жақсаруымен және сауықтырылуымен түсіндіріледі, бұның нәтижесінде банктер қарыздарының құнсыздануын бағалау кезінде есепке алынатын көрсеткіштердің жақсаруына әкелді.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде міндеттемелері 169,144 мың теңге көлемінде (2018 ж. бірінші жартыжылдық: 0 теңге) жүйеден тыс есепке жазылған бұрын жойылған банктер бойынша резервтерді қалпына келтіру жүргізілді.

Қаржы ұйымдарындағы қаражат сомаларының әрбір санатының әділ құнын бағалауға қатысты 24-ескертпені қараңыз. Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

Төмендегі кестеде жылдық кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік шығын бойынша бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің Жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

	Несиелік шығын бойынша бағалау резерві		Жалпы теңгерімдік құн	
	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Банктердегі депозиттер				
2019 жылғы 1 қаңтар бойынша	(22,562)	(22,562)	11,767,466	11,767,466
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:</i>				
Басқа өзгертулер	(22,252)	(22,252)	8,621,928	8,621,928
Кезең ішіндегі несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулерден кейінгі теңгерім жиыны	(44,814)	(44,814)	20,389,394	20,389,394
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер етпейтін өзгертулер:</i>				
Валюталарды қайта есептеу және басқа өзгертулер	160	160	-	-
2019 жылғы 30 маусым бойынша	(44,654)	(44,654)	20,389,394	20,389,394

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде жылдық кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік шығын бойынша бағалау резервіндегі және банктердегі депозиттердің Жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген:

	Несиелік шығын бойынша бағалау резерві		Жалпы теңгерімдік құн	
	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Банктердегі депозиттер				
2018 жылғы 1 қаңтар бойынша	(66,793)	(66,793)	9,518,492	9,518,492
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:</i>				
Басқа өзгертулер	4,360	4,360	4,688,034	4,688,034
Кезең ішіндегі несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулерден кейінгі теңгерім жиыны	(62,433)	(62,433)	14,206,526	14,206,526
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер етпейтін өзгертулер:</i>				
Валюталарды қайта есептеу және басқа өзгертулер	(1,644)	(1,644)	-	-
2018 жылғы 30 маусым бойынша	(64,077)	(64,077)	14,206,526	14,206,526

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы аралықта болған, осы факторлар салдарынан орын алған, несиелік шығын бойынша бағалау резервіндегі және қаржы ұйымдарына берілген несиелердің Жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген.

	Несиелік шығын бойынша бағалау резерві				Жалпы теңгерімдік құн			
	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	2-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықта й артуынан болған КНШ)	3-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік- құнсызданған активтер бойынша КНШ)	Барлығы	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	2-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік тәуекелдің айтарлықт ай артуы кезіндегі КНШ)	3-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік- құнсызданған активтер бойынша КНШ)	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>								
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер								
2019 жылғы 1 қаңтар бойынша	(4,555,728)	(2,895,627)	(5,129,083)	(12,580,438)	217,086,128	5,998,395	7,309,592	230,394,115
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:</i>								
Аудару:								
- барлық мерзім ішіндегі күтілетін несиелік шығындарға (1-кезеңнен 2-кезеңге)	-	-	-	-	-	-	-	-
- құнсызданған активтерге (1-ші және 2-кезеңнен 3-кезеңге)	-	-	-	-	-	-	-	-
- 12 айлық күтілетін несиелік шығындарға (2-ші және 3-кезеңнен 1-кезеңге)	-	-	-	-	-	-	-	-
Қайта құрылған немесе сатып алынған	(206,321)	-	-	(206,321)	22,315,256	-	-	22,315,256
Кезең ішінде мойындауды тоқтату	59,826	805,883	-	865,709	(10,398,409)	(1,677,552)	-	(12,075,961)
Күтілетін несиелік шығындарды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгертулер	(615,680)	-	39,189	(576,491)	1,137,150	-	82,689	1,219,839
Дисконтты амортизациялау	-	-	-	-	-	-	-	-
2019 жылғы 30 маусым бойынша	(5,317,903)	(2,089,743)	(5,089,894)	(12,497,541)	230,140,125	4,320,843	7,392,281	241,853,249

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде жылдық кезеңнің басы мен соңы аралығында болған, осы факторлар салдарынан орын алған, несиелік шығын бойынша бағалау резервіндегі және қаржы ұйымдарына берілген несиелердің Жалпы теңгерімдік құнындағы өзгертулер түсіндірілген.

	Несиелік шығын бойынша бағалау резерві				Жалпы теңгерімдік құн			
	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	2-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік төуекелдің айтарлықта й артуынан болған КНШ)	3-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік- құнсызданған активтер бойынша КНШ)	Барлығы	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	2-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік төуекелдің айтарлықта й артуы кезіндегі КНШ)	3-кезең (барлық кезең ішіндегі несиелік- құнсызданған активтер бойынша КНШ)	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>								
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер								
2018 жылғы 1 қаңтар бойынша	(4,488,213)	(3,844,387)	(15,085,899)	(23,418,499)	211,901,813	8,283,810	15,085,899	235,271,522
<i>Кезең ішінде несиелік шығын бойынша бағалау резервіне бөлінген сомаларға әсер ететін өзгертулер:</i>								
Аудару:	-	-	-	-	-	-	-	-
- барлық мерзім ішіндегі күтілетін несиелік шығындарға (1-кезеңнен 2-кезеңге)	2,705,906	(2,705,906)	-	-	(6,516,477)	6,516,477	-	-
- құнсызданған активтерге (1-ші және 2-кезеңнен 3-кезеңге)	10,988	(114,892)	40,967	(62,937)	-	-	188,295	188,295
- 12 айлық күтілетін несиелік шығындарға (2-ші және 3-кезеңнен 1-кезеңге)	(3,166,738)	3,166,738	-	-	5,834,824	(5,834,824)	-	-
Қайта құрылған немесе сатып алынған	(224,633)	(2,407,854)	-	(2,632,487)	24,673,892	4,338,274	-	29,012,166
Кезең ішінде мойындауды тоқтату	278,984	3,166,738	-	3,445,722	(11,183,320)	(5,834,824)	-	(17,018,144)
Күтілетін несиелік шығындарды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгертулер	-	-	-	-	790,949	-	-	790,949
Дисконтты амортизациялау	-	-	-	-	-	-	-	-
2018 жылғы 30 маусым бойынша	(4,883,706)	(2,739,563)	(15,044,932)	(22,668,201)	225,501,681	7,468,913	15,274,194	248,244,788

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

8 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып анықталған борыштық құнды қағаздар	2,106,833	2,123,182
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	629,514	771,681
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	4,672,627	4,205,826
Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар жиыны	7,408,974	7,100,689

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар бағалау санаттары мен класстары бойынша көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып анықталған борыштық құнды қағаздар	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	Амортизациял анған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	Барлығы
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	931,070	-	-	931,070
Корпоративтік облигациялар	1,175,763	638,315	4,672,627	6,477,904
2019 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар жиыны (әділ құн немесе Жалпы теңгерімдік құн)	2,106,833	638,315	4,672,627	7,408,974
Несиелік шығын бойынша бағалау резерві	-	(8,801)	-	-
2019 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар жиыны (теңгерімдік құн)	2,106,833	629,514	4,672,627	7,408,974

8 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар бағалау санаттары мен класстары бойынша көрсетілген.

	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып анықталған борыштық құнды қағаздар	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	948,880	-	-	948,880
Корпоративтік облигациялар	1,174,302	771,681	4,205,826	6,151,809
2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар жиыны (әділ құн немесе Жалпы теңгерімдік құн)	2,123,182	771,681	4,205,826	7,100,689
Несиелік шығын бойынша бағалау резерві	-	-	-	-
2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестициялар жиыны (теңгерімдік құн)	2,123,182	771,681	4,205,826	7,100,689

(а) Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға инвестициялар

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар несиелік тәуекелмен байланысты сәйкес есептеп шығаруды көрсететін әділ құн бойынша мойындалады және Қордың максималды несиелік тәуекелі туралы барынша дәл ақпаратты ұсынады. Төменде 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарды талдау берілген:

	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпоративтік облигациялар	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған			
- BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	931,070	-	931,070
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	-	1,175,763	1,175,763
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің Жалпы теңгерімдік құнының жиыны	931,070	1,175,763	2,106,833

8 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша борыштық құнды қағаздарға инвестицияларды талдау көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	Корпорати втік облигация лар	Барлығы
Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаған			
- ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен	948,880	-	948,880
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	-	1,174,302	1,174,302
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің Жалпы теңгерімдік құнының жиыны	948,880	1,174,302	2,123,182

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар үшін қамсыздандыру қарастырылмаған.

(б) Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар

Төмендегі кестеде 2019 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша күтілетін несиелік шығындар бойынша бағалау резерві несиелік тәуекел деңгейлері негізінде мойындалатын өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар бойынша несиелік тәуекел талдауы берілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы
Корпоративтік облигациялар		
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	638,315	638,315
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің Жалпы теңгерімдік құнының жиыны	638,315	638,315
Несиелік шығын бойынша бағалау резервін есепке алмағанда	(8,801)	(8,801)
Теңгерімдік құн (әділ құн)	629,514	629,514

Төмендегі кестеде 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін несиелік шығындар бойынша бағалау резерві несиелік тәуекел деңгейлері негізінде мойындалатын өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар бойынша несиелік тәуекел талдауы берілген.

8 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар (жалғасы)

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	1-кезең (12 ай ішіндегі КНШ)	Барлығы
Корпоративтік облигациялар		
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	792,466	792,466
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтердің Жалпы теңгерімдік құнының жиыны	792,466	792,466
Несиелік шығын бойынша бағалау резервін есепке алмағанда	(86,806)	(86,806)
Әділ құнды амортизацияланған құнды бағалаудан әділ құнды бағалауға түзетуді шегергенде	66,021	66,021
Теңгерімдік құн (әділ құн)	771,681	771,681

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар үшін қамсыздандыру қарастырылмаған.

2019 жылғы 6 ай ішінде және 2018 жыл ішінде несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуының факторлары байқалмады және дефолт көрсеткіштері мен резервтер 12 айлық күтілетін несиелік шығынға тең болып есептелді.

(в) Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға инвестициялар

Төмендегі кестеде 2019 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардың теңгерімдік құны, сондай-ақ, Қордың осы активтерге қатысты несиелік тәуекелдерге максималды шалдыққыштығы көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған	Барлығы
Корпоративтік облигациялар		
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	4,672,627	4,672,627
Жалпы теңгерімдік құн	4,672,627	4,672,627
Сыйақыны қоса есептегендегі атаулы құн	33,175,329	33,175,329
Дисконт	(28,502,702)	(28,502,702)
Теңгерімдік құн	4,672,627	4,672,627

8 Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздардың теңгерімдік құны, сондай-ақ, Қордың осы активтерге қатысты несиелік тәуекелдерге максималды шалдыққыштығы көрсетілген.

	Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған	Барлығы
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
Корпоративтік облигациялар		
- В- және В+ аралығындағы рейтингпен	4,205,826	4,205,826
Жалпы теңгерімдік құн	4,205,826	4,205,826
Сыйақыны қоса есептегендегі атаулы құн	33,073,648	33,073,648
Дисконт	(5,907,603)	(5,907,603)
Талаптары Қор акционерлері белгілеген ҚҚ құрамына аудару	(22,960,219)	(22,960,219)
Теңгерімдік құн	4,205,826	4,205,826

2018 жылғы 13 және 14 желтоқсанда Қор бұрын «ЦеснаБанк» АҚ-ға берген қарыздарға айырбастау жолымен «ЦеснаБанк» АҚ облигацияларын сатып алды. Аталған облигациялардың атаулы құны есептелген пайыздарды есепке алмағанда 32,800,312 мың теңгені құрайды. Қор 15.45% мөлшерлемесі бойынша дисконтталған төлемдер әдісімен облигациялардың әділ құнын бағалады, ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Бағалау резервтерінің болмауы аталған облигациялар 2018 жылы сатып алынғандығымен және активтер сапасының нашарлауына соқтыруы ықтимал факторлардың болмауымен түсіндіріледі. Борыштық құнды қағаздарға қамтамасыз ету қарастырылмаған.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

9 Өзге активтер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды қарыз құралдары	12,166,297	12,535,447
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын дебиторлық берешек	1,408,830	998,251
Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда	(122,220)	(123,923)
Басқа активтер құрамындағы барлық қаржы активтері	13,452,907	13,409,775
Қызметтер үшін алдын ала төлем	264,020	883,305
Төлемегені үшін алынған қамсыздандыру	213,606	285,702
Шикізаттар мен материалдар	66,985	70,327
Кіріс салығынан басқа салықтар	14,359	21,621
Өзге	16,012	15,153
Құнсыздану бойынша резервті есепке алмағанда	(6,062)	(7,160)
Барлық өзге активтер	14,021,827	14,678,723

Туынды қаржы құралдары қаржы институттарымен бірге валюта айырбастау бойынша операциялардың теңгерімдік құнын қамтиды. 5 және 18-ескертпені қараңыз.

Төлемегені үшін меншікке алынған қамтамасыз ету мерзімі кешіктірілген несиелерді реттеу барысында Қор алған жылжымайтын мүлік нысандарын білдіреді. Қор алдағы келешекте осы активтерді іске асыруды тұспалдайды. Бұл активтер сату үшін тағайындалған ұзақ мерзімді активтерді анықтауға жауапты болмайды және ХҚЕС (IAS 2) «Босалқы қорлар» талаптарына сәйкес тауар-материалдық босалқы қорлар ретінде жіктелген. Бұл активтер бастапқыда сатып алу кезіндегі әділ құны бойынша мойындалған. 2019 және 2018 жылдардағы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі құнсыздану бойынша резерв өзгерістерін талдау:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 ж.			30 маусым 2018 ж.		
	Өзге қаржы активтері	Өзге активтер	Барлығы	Өзге қаржы активтері	Өзге активтер	Барлығы
1 қаңтардағы құнсыздану бойынша резерв	123,923	7,160	131,083	410,615	186,747	597,362
Кезең ішіндегі құнсыздану бойынша резервке бөлінген сома/ (резервті қалпына келтіру) (аудиттелмеген)	(375)	(1,098)	(1,473)	(808)	(5,555)	(6,363)
Кезең ішінде үмітсіз ретінде есептеп шығарылған қаражат (аудиттелмеген)	(272)	-	(272)	(4,939)	-	(4,939)
Бағам айырмасы	(1,101)	-	(1,101)	2,625	-	2,625
Басқа	45	-	45	-	-	-
30 маусымдағы құнсыздану бойынша резерв	122,220	6,062	128,282	407,493	181,192	588,685

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша өзге активтердің құрамына 129,562 мың теңге (2018 ж. 31 желтоқсан: 131,083 мың теңге) сомасына мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешек енгізілді, барлық дебиторлық берешектің бір жылдан астам уақытқа мерзімі өтіп кеткен. Басқа қаржы активтерінің бағаланатын әділ құнына қатысты 24-ескертпені қараңыз. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеді берілген.

10 Қарыз қаражаты

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (6.57% - 10.65%)	82,343,189	76,392,378
Муниципалдық органдар (0.01% - 1%)	62,093,207	49,532,869
Азия даму банкі (2.135% - 7.50%)	53,888,610	55,532,019
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (5.5%)	19,416,325	19,416,325
Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі (0%)	432,213	436,382
Барлық қарыз қаражаты	218,173,544	201,309,973

2014 жылғы қазан айында Қор АДБ-дан 0.57% жылдық пайыз мөлшерлемесімен және 2019 жылғы қазан айында өтеу мерзімімен 122 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алды. 2015 жылғы қазан айында Қор АДБ-дан 0.9207% жылдық пайыз мөлшерлемесімен және 2020 жылғы қыркүйек айында өтеу мерзімімен 228 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алды. Барлық алынған қаражат АДБ мақұлдаған қазақстандық коммерциялық банктерде орналастырылды. 5-ескертпені қараңыз. Қор АДБ-дан алынған қарыздар бойынша 224,722 мың теңге көлемінде шетел валютасын қайта бағалаудан таза табысты мойындады (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: 1,690,832 мың теңге). 2018 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде Қор АДБ-дан 6,488,279 мың теңге көлемінде қарыз алды.

2014 жылғы сәуір және желтоқсан айларында Қор Бас компания, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан 0.15% жылдық пайыздық мөлшерлемесімен және 2034 жылға дейін өтеу мерзімімен 100 миллиард теңге және сәйкесінше 50 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. 2015 жылғы наурыз айында Қор Бас компаниядан нарықтағы мөлшерлемеден төмен 0.15% жылдық мөлшерлемесімен және 2035 жылға дейін өтеу мерзімімен 50 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қаражат өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды қолдау жөніндегі бағдарламаға қатысу үшін мемлекет мақұлдаған коммерциялық банктерде әрі қарай орналастыру мақсатында алынды. Барлық алынған қаражат коммерциялық банктерде орналастырылды.

Өзге қарыз қаражаттары бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес шағын және орта бизнес кәсіпорындарының дамуын қаржыландыруды қолдау үшін коммерциялық банктерге қаражат ұсыну мақсатында алынды. 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор муниципалдық органдардан 12,705 миллион теңге көлемінде қарыз алды (2018ж.: 12,884 миллион теңге).

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан 0.1% жылдық пайыздық мөлшерлемесімен және 15 жыл өтеу мерзімімен 16 миллиард теңге көлемінде қарыз алды. Қор бұл қарызды байланысты тараптың алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу мақсатында алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыз мерзімі және Қордың несиелік тәуекелін есепке ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы мойындау күніне Қор әділ құнды 3,623,627 мың теңге көлемінде белгіледі. Бұл ретте Қор басшылығы барлық ХҚЕС (IAS 20) және ТТК (SIC) 10 талаптарына талдау жасап, операциялық қызметпен белгілі бір өзара байланыстың жоқтығын анықтады. Тиісінше, қарыздың әділ құны және алынған ақшалай қаражат арасындағы айырма мәні бойынша мемлекеттік субсидияны емес, меншікті капиталға жалғыз акционерден түскен жарнаны білдіреді. Сәйкесінше, Қор дисконтты 9,901,100 мың теңге көлемінде меншікті капитал құрамындағы кейінге қалдырылған салықты акционерлермен жүргізілген операция ретінде мойындады. Бұл пайымдауды қолдану барысында басшылық қаржыландыру аясында бұрын шеккен шығындар немесе залалды өтеу бойынша шарттардың, немесе белгілі бір өнеркәсіп секторында немесе аймақта қызметті жалғастыру бойынша шарттарының жоқтығын жобалады.

Төмендегі кестеде әрбір көрсетілген кезең бойынша қаржылық қызмет нәтижесінде орын алатын Қор міндеттемелеріндегі өзгерістер келтірілген. Берешек баптары ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепте қаржылық қызмет ретінде берілген.

10 Қарыз қаражаты (жалғасы)

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер			
	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	ЖАО, «Самұрық- Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, ҚР ҚМ	Азия даму банкі	Барлығы
Ақша қаражатының қозғалысы	(300,000)	9,428,693	(28,129,604)	(19,000,911)
Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер	-	58,915	8,301,861	8,360,776
Ақшалай қаражаттың қозғалысымен байланысы жоқ басқа өзгерістер	4,743,730	1,316,395	2,887,080	8,947,205
2018 ж. 31 желтоқсандағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер	76,392,378	69,385,576	55,532,019	201,309,973
Ақша қаражатының қозғалысы	15,872,500	12,552,783	(2,654,691)	25,770,592
Бағамдық айырмалар бойынша түзетулер	-	(4,168)	(224,722)	(228,890)
Ақшалай қаражаттың қозғалысымен байланысы жоқ басқа өзгерістер	(9,921,689)	7,554	1,236,004	(8,678,131)
2019 ж. 30 маусымдағы қаржы қызметі бойынша міндеттемелер	82,343,189	81,941,745	53,888,610	218,173,544

Өзге қарыз қаражаттарының әрбір санаты бойынша әділ құнын бағалау туралы ақпарат 24-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 25-ескертпеде берілген.

11 Шығарылған борыштық құнды қағаздар

2018 жылғы 14 желтоқсанда Қор Қазақстан Қор Биржасының алаңында 16,000,000 мың теңге көлемінде облигациялар орналастырды. Бұл облигациялардың өтеу мерзімі 13 ай болды, купондық табыс – 8.7 %. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор шығарған борыштық қағаздар 16,057,484 мың теңге сомасындағы, теңгемен номинацияланған облигацияларды қамтыды (2017 ж.: 0 теңге). 2019 жылғы маусым айында Қор облигацияларды мерзімімен бұрын толық өтеп алды.

Шығарылған борыштық құнды қағаздардың әр санатының әділ құнын бағалау бойынша ақпарат 24-ескертпеде көрсетілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерінің талдауы 25-ескертпеде берілген. Шығарылған борыштық құнды қағаздармен байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде ашылған.

12 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Муниципалдық органдар	22,938,234	2,132,538
Банктер	233,806	2,841,525
Субсидиялау бағдарламалары бойынша барлық міндеттемелер	23,172,040	4,974,063

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті» РММ, ҚР Ұлттық Қоры, «ҚР-дағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы» және муниципалдық органдар орналастырады. Мұндай қаражаттар әрі қарай «Нұрлы Жер» мемлекеттік тұрғын-үй құрылысы бағдарламасына, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес үкімет субсидиялаған жобалар бойынша төлем ретінде жергілікті банктерге беріледі.

12 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер (жалғасы)

2019 жылғы қаңтар айында Қор «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі» ММ-мен агроөнеркәсіп кешенінде, өңдеу өнеркәсібінде қайта өңдеу және Басым жобаларды несиелендіру механизмі аясында қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған қаражатты аударуға шартқа қол қойды. Осы шарт аясында Қор 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында 15 миллиард теңге қаражат алды.

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелердің әділ құны туралы ақпарат 24-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

13 Келешек кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Қаржылық кепілдіктер бойынша келешек кезеңдердегі табыс	6,398,239	5,319,861
Қаржылық кепілдіктер (несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв)	2,708,214	1,594,480
Барлық келешек кезеңдердегі табыс және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	9,106,453	6,914,341

2015 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «Банк ЦентрКредит» АҚ Еуропа қайта құру және даму банкінде (бұдан әрі – «ЕҚҚДБ») ашылған несиелік желілері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ 37,447 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (2018 ж.: 36,157 миллион теңге). Қор басшылығы шығару күніне «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алынған, есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын бағалады, 2019 жылғы 30 маусымда есептелген комиссиялық табыс сомасы 97,456 мың теңгені құрады (2018 ж. 31 желтоқсан: 123,099 мың теңге).

2016 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «ForteBank» АҚ және «КМФ» микроқаржы ұйымы» (бұдан әрі «КМФ» «МҚҰ») ЕҚҚДБ-да ашқан несиелік желілері бойынша «ForteBank» АҚ және «КМФ» «МҚҰ» үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ және «КМФ» «МҚҰ» сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (2018 ж. 31 желтоқсан: сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге). Қор басшылығы «ForteBank» АҚ және «КМФ» МҚҰ-нан алынған есептелінген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын сәйкесінше 19,554 мың теңге және 3,257 мың теңге көлемінде бағалады (2018 ж. 31 желтоқсан: сәйкесінше 32,778 мың теңге және 12,772 мың теңге).

2017 жылы Қор алынған қарыздар сомасына «Банк Kassa Nova» АҚ ЕҚҚДБ-да ашқан несиелік желілері бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ үшін кепілдіктер шығарды. 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ ЕҚҚДБ банкінен 3,742 миллион теңге сомасына қарыз алды (2018 ж. 31 желтоқсан: 3,742 миллион теңге). Қор басшылығы «Банк Kassa Nova» АҚ-дан алынған, есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын 6,764 мың теңге көлемінде бағалады (2018 ж. 31 желтоқсан: 7,052 мың теңге).

Қаржылық кепілдіктер шағын және орта бизнес үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қор шығарған кепілдікті білдіреді. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес субсидияланады. Қазіргі таңда бағдарлама «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы №522 «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулысына сәйкес «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» деп өзгертілді.

Келешек кезең табыстары мен несиелік сипаттағы міндеттемелер резервінің әділ құны туралы ақпарат 24-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер – 30 маусым 2019 жыл

14 Өзге міндеттемелер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2019 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 жыл
Қаржылық жалдау	390,187	-
Кредиторлық берешек	216,391	272,611
Есептелген міндеттемелер және өзге кредиторлар	22,713	247,454
Өзге міндеттемелер құрамындағы барлық қаржылық міндеттемелер	629,291	520,065
Алынған алғытөлемдер	241,405	140,183
Қолданылмаған демалыс күндері бойынша резервтер	126,404	300,925
Кіріс салығын қоспағандағы төлемге салынатын салықтар	83,479	100,165
Қызметкерлер сыйақылары бойынша есептелген шығындар	9,022	4,342
Өзге	501	508
Барлық өзге міндеттемелер	1,090,102	1,066,188

Барлық жоғарыда көрсетілген міндеттемелер есептілік мерзімі аяқталғанда 12 ай ішінде өтеледі.

Өзге қаржылық міндеттемелердің әр түрінің әділ құны туралы ақпарат 24-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

15 Акционерлік капитал

<i>Мың қазақстандық теңгемен, акциялар санын қоспағанда</i>	Айналымдағы акциялар саны (мың дана)	Қарапайым акциялар	Барлығы
2018 жылғы 1 қаңтарда	27,462	72,920,273	72,920,273
Шығарылған жаңа акциялар	-	-	-
2018 жылғы 30 маусымда	27,462	72,920,273	72,920,273
2018 жылғы 31 желтоқсанда	27,462	72,920,273	72,920,273
Шығарылған жаңа акциялар	-	-	-
2019 жылғы 30 маусымда	27,462	72,920,273	72,920,273

2019 жыл ішінде Қор 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін дивидендтер жарияламады.

2018 жылғы 16 мамырда Жалғыз акционер жиналысында Қор 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалпы сомасы 1,234,153 мың теңгеге дивидендтер жариялады.

16 Пайыздық табыстар мен шығындар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)	2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық табыс		
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	10,605,709	9,531,813
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	577,967	925,153
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	466,801	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	59,959	76,576
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	26,967	26,279
Клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер	(46,023)	452,863
Барлық пайыздық табыстар	11,691,380	11,012,684
Пайыздық шығындар		
Қарыз қаражаты	(5,107,413)	(4,043,112)
Барлық пайыздық шығындар	(5,107,413)	(4,043,112)
Таза пайыздық табыстар	6,583,967	6,969,572

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша пайыздық табыс 3,047,838 мың теңге сомасындағы нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша берілген қарыздар бойынша дисконтты амортизациялаудан алынған пайыздық табыстарды қамтиды (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: 1,737,154 мың теңге).

2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша пайыздық табыс 31,146 мың теңге сомасындағы бастапқы мойындау кезінде мойындалған қарыздар бойынша дисконтты амортизациялаудан алынған пайыздық табыстарды қамтиды (2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай: 455,351 мың теңге).

17 Таза комиссиялық табыстар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)	2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)
Берілген кепілдіктер	1,367,723	1,466,901
Қаржы агентінің қызметтері	217,072	194,641
Несиені мерзімінен бұрын өтеу бойынша комиссиялық шығындар	(29,900)	(53,029)
Кепілдікті/контркепілдік беру бойынша комиссиялық шығындар	(8,131)	(32,124)
Барлық комиссиялық табыстар	1,546,764	1,576,389

Комиссиялық табыстар шығарылған кепілдіктер бойынша (13-ескертпе), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ММ үшін субсидиялау қызметтерінен, «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитеті» РММ, ҚР-дағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы», «ҚР Ұлттық Банкі» РММ оператор және қаржы агенті ретінде (12-ескертпе) және «Бизнесті дамытудың жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында бастауыш кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі қызметтерден түскен табыстан тұрады.

18 Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардың табыстарын есепке алмағандағы шығындар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)	2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)
Своп операциялары бойынша іске асырылмаған (шығындар)/табыстар	(373,045)	1,539,629
Своп шарттары бойынша пайыздық шығындар	(146,410)	(687,980)
Индекстелген төлемдер бойынша іске асырылмаған табыстар	91,396	122,313
Қаржылық туынды құралдармен орындалатын операциялардың табыстарын есепке алмағандағы барлық шығындар	(428,059)	973,962

Индекстелген төлемдер бойынша іске асырылған табыс туынды қаржы құралдары бойынша позицияны жабу салдарынан түзелген. Пайыздық шығындар туынды қаржы құралдары бойынша 3% төлемнің салдарынан түзелген. Операциялардың толық сипаттамасы және қаржылық нәтижелерді бағалау есеп саясатын қолдану бойынша маңызды бағалауда және кәсіби пайымдауда – Туынды қаржы құралдарының және кейбір басқа қаржы құралдарының әділ құнында берілген. 5 және 9-ескертпелерді қараңыз.

19 Активтерді нарықтық мөлшерлеmeden төмен мөлшерлеме бойынша алғашқы мойындау кезінде туындайтын шығындар

2018 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде Қор коммерциялық банктерге нарықтық мөлшерлеmeden төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар берді және 4,443,157 мың теңге сомасында бастапқы мойындау кезіндегі шығынды мойындады. 2019 жылғы бірінші жартыжылдықта ұқсас операциялар жүргізілмеді.

20 Пайдаға салынатын салық

Кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген пайдаға салынатын салық бойынша шығындар мына компоненттерді қамтиды:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2019 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)	2018 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай (аудиттелмеген)
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы шығындар	830,128	783,798
Кейінге қалдырылған салық салу	(237,728)	(506,883)
Кезең ішіндегі пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	592,400	276,915

21 Сегменттік талдау

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын компоненттерді білдіреді, бұл ретте олар түсімнің болуына кепілдік беруі мүмкін немесе шығындармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелері операциялық шешімдерге жауап беретін басшылармен тұрақты түрде талданады және операциялық сегменттер үшін бөлек қаржы ақпараты бар. Операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшының функцияларын Қордың Басқармасы орындайды.

(а) Іске асырылуынан әрбір есепті сегмент ақшалай түсім алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы

Қор екі негізгі операциялық сегмент аясында қызметті жүзеге асырады:

- Өзге банк операциялары – бұл сегмент шартты қарыздар беру үшін пайдаланылатын «ҚР Ұлттық Банкі» РММ-дегі ақша қаражаттарын, қаржы мекемелері мен шағын және орта бизнеске берілген несиелерді және қаржы кепілдіктерінің берілуін қамтиды;
- Инвестициялық операциялар – басқа банктердегі ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларын, құнды қағаздар мен қаражаттарды (депозиттер) білдіреді);

(б) Есепті сегменттердің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 30 маусымдағы есепті сегменттер бойынша сегменттік ақпарат берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еск.	Жобалық операциялар	Инвестициялық операциялар	Барлығы
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	6	41,478,782	13,744,054	55,222,836
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	7	229,355,708	20,344,740	249,700,448
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер		173,421	-	173,421
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		3,460	-	3,460
Борыштық құнды қағаздарға инвестициялар	8	-	7,408,974	7,408,974
Туынды қаржы құралдары	9	12,166,297	-	12,166,297
Есепті сегмент активтерінің жиыны		283,177,668	41,497,768	324,675,436
Қарыз қаражаты	10	218,173,544	-	218,173,544
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	12	23,172,040	-	23,172,040
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	13	9,106,453	-	9,106,453
Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиыны		250,452,037	-	250,452,037
Күрделі жұмсалымдар		-	-	(53,397)

Күрделі жұмсалымдар негізгі қаражатты сатып алуды білдіреді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
